

«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері¹ (бұдан әрі – ЗА) 26 786,27 млрд.² теңгені құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	млрд. теңге				
	01.01.2026 жылға ағымдағы құны	01.01.2026 жылға үлесі	01.07.2026 жылға ағымдағы құны	01.07.2026 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	10 922,98	43,51%	11 603,39	43,32%	6,23%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	533,44	2,12%	109,19	0,41%	-79,53%
ХҚҰ	310,22	1,24%	260,30	0,97%	-16,09%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	10,17	0,04%	9,44	0,04%	-7,19%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	2 372,47	9,45%	2 108,83	7,87%	-11,11%
ҚР ЕДБ облигациялары	623,47	2,48%	688,33	2,57%	10,40%
PPN (құрылымдық ноталар)	8,71	0,03%	8,49	0,03%	-2,48%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	484,58	1,93%	554,05	2,07%	14,34%
ҚРҰБ депозиттері	1 116,71	4,45%	992,78	3,71%	-11,10%
ҚРҰБ ноталары	-	0,00%	-	0,00%	-
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	19,39	0,08%	172,24	0,64%	788,52%
РЕПО операциялары	-	0,00%	-	0,00%	-
Басқа активтер		0,00%	0,00	0,00%	
Активтерді индекстік басқару, оның ішінде:	9 376,95	37,35%	10 279,23	38,37%	9,62%
дамыған елдердің активтері	2 653,22	10,57%	2 468,43	9,22%	-6,96%
дамушы елдердің активтері	1 471,37	5,86%	1 417,54	5,29%	-3,66%
сыртқы басқарудағы активтер	5 252,36	20,92%	6 393,26	23,87%	21,72%
дамушы елдер облигацияларының мандаты бойынша:					
Aviva Investors Global Services Limited	283,57	1,13%	344,77	1,29%	21,58%
TCW Asset Management Company LLC	195,41	0,78%	332,83	1,24%	70,33%
PIMCO Asia Pte Ltd	242,63	0,97%	306,58	1,14%	26,36%
ғаламдық акциялар мандаты бойынша:					
Invesco Asset Management Deutschland GmbH	412,13	1,64%	498,62	1,86%	20,99%
HSBC Global Asset Management (UK) Limited	637,31	2,54%	664,56	2,48%	4,28%
UBS Asset Management (UK) Ltd	501,65	2,00%	527,43	1,97%	5,14%
Blackrock Financial Management	458,72	1,83%	494,35	1,85%	7,77%
BlackRock Investment Management	263,69	1,05%	279,72	1,04%	6,08%
Robeco Institutional Asset Management B.V.	422,11	1,68%	508,93	1,90%	20,57%
Macquarie Asset Management	-	0,00%	293,31	1,09%	100%
инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мандаты бойынша:					

¹ міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған

² зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

Principal Global Investors (Europe) Limited	627,94	2,50%	601,54	2,25%	-4,20%
PGIM Limited	638,26	2,54%	659,02	2,46%	3,25%
PIMCO Asia Pte Ltd	568,94	2,27%	641,23	2,39%	12,71%
альтернатив құралдар мандаты бойынша:					
National Investment Corporation of the NBK	-	-	240,36	0,90%	100%
ҚРҰБ басқаруындағы 3А жиынтығы	25 103,96*	100,00%	26 786,27	100,00%	6,70%

*- 675,12 млрд. теңге сомасына жасалған мәмілелер бойынша төлемге міндеттемелер есебімен

БЖЗҚ 3А инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (УТМ) 01.07.2026 жылғы жағдай бойынша жылдық 12,23% құрады, оның ішінде теңгеге номинирленген – жылдық 14,16%, шетелдік валютада – жылдық 4,66%.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

БЖЗҚ 3А портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есепті күндегі ағымдағы құны 11 603,39 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 43,32% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде жылдық 16,04% орташа алынған кірістілікпен номиналды құны бойынша жалпы сомасы 119,00 млрд. теңгеге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды. Есепті айда 76,82 млрд. теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ өтеу жүзеге асырылды.

Есепті күнге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 14,26% құрады.

Өтімділіктің субпортфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есепті ай үшін өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ ағымдағы құны 319,92 млрд. теңгеге азайды және 109,19 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,41% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде 194,49 млрд. теңгеге көлемінде АҚШ МБҚ сатылды. Есепті айда 124,99 млрд. теңге көлемінде АҚШ МБҚ өтелді.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есепті айда халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 37,09 млрд. теңгеге азайды және 260,30 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,97% құрады.

Есепті айда 30 млрд. теңге көлемінде Еуропалық қайта құру және даму банкінің облигациялары өтелді. Есепті айда халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарын сатып алу және сату болған жоқ.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен жылдық 15,38%, сыйақының индекстелген мөлшерлемесімен инфляция және сыйлықақы немесе TONIA мөлшерлемесі және сыйлықақысы деңгейінде құрады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есепті күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 992,78 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 3,71%.

Есепті айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 16,87% орташа алынған кірістілікпен 199,61 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 9,44 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,04% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары

Есепті айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 52,46 млрд. теңгеге азайды және 2 108,83 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 7,87% құрады.

Қаралып отырған кезеңде 11,23 млрд.теңге көлемінде «Қазақстанның даму банкі» АҚ облигацияларын өтеу, сондай-ақ 30,00 млрд. теңге көлемінде «Бәйтерек» Ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ облигацияларын өтеу жүзеге асырылды.

Есепті күнге теңгемен номиналданған ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 11,97% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есепті айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 8,64 млрд.теңгеге ұлғайды және 688,33 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,57% құрады.

Қаралып отырған кезеңде ҚР ЕДБ облигацияларын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Есепті күнге ҚР ЕДБ облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 15,77% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноталары)

Есепті айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноталар) ағымдағы құны 8,49 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,03% құрады.

Қаралып отырған кезеңде шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноталар) сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есепті айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 6,84 млрд. теңгеге ұлғайды және 554,05 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,07% құрады. Есепті айда тәуелсіз бағалаушының есебі негізінде бұрын тану тоқтатылған «Атамекен-Агро» АҚ, «Fincraft Resources» АҚ қарапайым акцияларын және «Атамекен-Агро» АҚ, «Нұрбанк» АҚ артықшылықты акцияларын есепке алу қалпына келтірілді.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

Валюталық портфельдің активтерін индекстік басқару

Активтерді индекстік басқару инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар жиынтығы болып табылатын эталондық портфельге қатысты инвестициялар портфелін қалыптастыруды көздейді. Эталондық портфельдің кірістілігі инвестициялар портфелін басқарудың тиімділігін бағалау кезінде шара ретінде қызмет етеді. Эталондық портфель ретінде жетекші әлемдік қаржы компаниялары немесе ҚРҰБ әзірлеген және қадағалайтын индекстер пайдаланылады.

Валюта портфелінің стратегиялық бөлінуіне сәйкес активтерді индекстік басқару дамыған елдер облигацияларының субпортфеліне, дамушы елдер облигацияларының субпортфеліне, корпоративтік облигациялардың субпортфеліне және акциялардың субпортфеліне қатысты қолданылады.

Активтерді индекстік басқаруды ҚРҰБ дербес, сондай-ақ шетелдік басқарушы компанияларды тарта отырып жүзеге асырады. ҚРҰБ дамыған елдердің субпортфелін және дамушы елдердің облигациялар субпортфелінің бір бөлігін индекстік басқаруды жүзеге асырады.

2026 жылғы 1 шілдедегі ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА валюталық портфелінің аллокациясы 2-кестеде көрсетілген.


2-кесте. 01.07.2026 ж. БЖЗҚ ЗА валюталық портфелін стратегиялық бөлу

Субпортфель	Нысаналы мәні (рұқсат етілген ауытқу)	Құны, млн. АҚШ долларымен	Құны, млрд. теңгемен	Валюталық портфельден үлесі, %	БЖЗҚ ЗА үлесі, %
Дамыған елдердің облигациялары	15% (-5%/+10%)	5 134,86	2 468,43	22,48%	9,22%
Дамушы елдердің облигациялары	25% (±10%)	4 996,10	2 401,73	21,87%	8,97%
Корпоративтік облигациялар	20% (±10%)	3 956,12	1 901,78	17,32%	7,10%
Акциялар	30% (±10%)	6 795,90	3 266,93	29,75%	12,20%
Өтімділік	0% (+10%)	1 461,51	702,81	6,40%	2,62%
Альтернатив құралдар	10% (-10%/+5%)	500,00	240,36	2,19%	0,90%
Валюталық портфель жиыны		22 844,50	10 982,04	100,00%	41,00%

Дамыған елдер облигацияларының субпортфелі

Дамыған елдер облигацияларының субпортфелі үшін АҚШ долларына номиналданған 10 жылға дейін өтеу мерзімімен АҚШ мемлекеттік бағалы қағаздарынан тұратын Custom Index (G502) индекс эталон портфель болып табылады. 2026 жылғы 1 шілдеде аталған индекстің құрамына облигациялардың 202 шығарылымы кіреді.


Соңғы 12 айдағы Custom Index (G502) индексінің динамикасы



Дамушы елдер облигацияларының субпортфелі

Дамушы елдер облигацияларының субпортфелі үшін эталон портфель – эмитенттері рейтинг бағасы «BB» деңгейінен төмен емес дамушы елдер болып табылатын, АҚШ долларымен номиналданған облигациялардан тұратын Custom Index (Q979) индексі. 2026 жылғы 1 шілдеде аталған индекстің құрамына 32 дамушы ел шығарған АҚШ долларымен номиналданған облигациялардың 491 шығарылымы кірді.


Соңғы 12 айдағы Custom Index (Q979) индексінің динамикасы



Корпоративтік облигациялардың субпортфелі

Корпоративтік облигацияларының субпортфелі үшін эталон портфель – эмитенттері рейтинг бағасы «BBB-» деңгейінен төмен емес және капиталы жоғары дамыған және дамушы елдердің резиденттері болып табылатын, АҚШ долларымен номиналданған корпоративтік бағалы қағаздардан тұратын Custom Index (Q980) индексі. 2026 жылғы 1 шілдеде аталған индекстің құрамына 1 407 эмитент шығарған облигациялардың 8 246 шығарылымы кіреді.


Соңғы 12 айдағы Custom Index (Q980) индексінің динамикасы



Акциялардың субпортфелі

Акциялардың субпортфелі үшін эталон портфель – әлемнің дамыған елдері компанияларының акцияларынан тұратын Custom MSCI World Index индексі. 2026 жылғы 1 шілдеде аталған индекстің құрамына 23 дамыған елдерге жататын жоғары және орташа капитализациясымен компаниялардың 1 240 акциясы кіреді. Индекстің 74% көлеміндегі негізгі үлесін АҚШ компанияларының акциялары иеленеді. Индекске Жапония, Ұлыбритания, Франция, Канада және басқа елдердің акциялары кіреді.

Соңғы 12 айдағы Custom MSCI World Index индексінің динамикасы



Валюталық құрылым

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 3-кестеде келтірілген.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА валюталық үлесін 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында инвестициялық портфельді әртараптандыру үшін Қазақстан қор биржасында 92,0 млн. АҚШ доллары сатып алынды.

3-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Валюта	01.01.2026 жылға ағымдағы құны	01.01.2026 жылға үлесі	01.07.2026 ж. ағымдағы құны	01.07.2026 ж. үлесі	млрд. теңге
					Жыл басынан өсуі/төмендеуі
Ұлттық валюта	14 820,73	59,04%	15 804,23	59,00%	6,64%
АҚШ доллары	10 282,31	40,96%	10 981,15	41,00%	6,80%
Ресей рублі	0,24	0,00%	0,23	0,00%	-3,72%
Басқа валюта	0,69	0,00%	0,66	0,00%	-4,92%
Жиыны:	25 103,96	100,00%	26 786,27	100,00%	6,70%

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2026 жыл басынан есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 1,10 трлн. теңгені құрады. 2026 жыл басынан салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 4,21% құрады.


Зейнетақы активтерінің жекелеген қысқа мерзімді кезеңдер үшін кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші болып табылмайтынын атап өту маңызды, өйткені қаржы құралдары және қысқа мерзім ішінде есептелген басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдары құнының ауытқуын үнемі жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды ұзақ уақыт кезеңіне жасаған жөн.

2025 жылғы шілдеден 2026 жылғы маусымға дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 2,51 трлн. теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік 10,29% құрады.

2026 жылдың маусымында қаржы нарықтарында АҚШ пен Израильдің Иранмен қақтығысы және энергия тасымалдағыштар бағасының төмендеуі аясында құбылмалылықтың жоғарылауы байқалды. Маусым айында АҚШ-тағы инфляция жылдық 3,5% (мамырда 4,2%) құрады, ал оның айлық өсімі бір ай бұрынғы 0,5%-дан кейін (-)0,4%-ға дейін баяулады. Маусым айында ауыл шаруашылығы емес сектордағы жаңа жұмыс орындарының саны мамыр айындағы 172 мыңға өсуден кейін 57 мыңға өсті, бұл ретте жұмыссыздық деңгейі 4,3%-дан 4,2%-ға дейін төмендеді. ФРЖ-ның маусым айындағы отырыста базалық мөлшерлемені сақтауы және еңбек нарығының тұрақтылығы аясында нарықтық күтулер 2026 жылдың соңына қарай өсу жағына қарай ойысты.

Нәтижесінде АҚШ-тың эталон 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі маусымда 3 базалық тармаққа көтерілді және 4,47% құрады. Дамушы елдердің облигациялары бойынша спредтер 3 базалық тармаққа тарылды, корпоративтік облигациялар бойынша спредтер 2 базалық тармаққа кеңейді. Мұнымен бірге MSCI World акцияларының индексі 0,8%-ға төмендеді.

Маусым айында ҚР МБҚ орналастыру бойынша аукциондарда кірістілік жоғары сұраныс пен базалық мөлшерлемені 17%-ға дейін төмендету туралы шешім аясында бүкіл қисық бойына төмендеді. Инфляция жылдық 10,3%-ға дейін баяулады (мамырда 10,4%), бұл ретте айлық мәнде маусымдағы өсім 0,8% құрады (мамырда 0,7%). ҚР МБҚ орналастыру бойынша аукциондарда жоғары сұраныс байқалды, ол ұсыныстан 3,4 есе асып түсті, бұл ретте негізгі сұраныс орта мерзімді орналастыруларда шоғырланды. ҚР ҚМ қарыз алу көлемі маусымда едәуір азайып, 475 млрд. теңгені құрады.



2026 жылдың басынан бергі есептелген инвестициялық кіріс құрылымы 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. 01.07.2026 жылғы жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы

млрд. теңге

Атауы	2026 жыл үшін инвестициялық кіріс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер	1 114,54
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан кірістер (шығындар)	91,69
Сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасын қайта бағалаудан түсетін кірістер (шығындар)	-233,94
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер (шығындар), оның ішінде бағамдық қайта бағалау есебімен	127,62
Басқа кірістер (шығындар)	3,33
Жиыны:	1 103,24

Шартты бірлік құны туралы ақпарат

2026 жылғы маусым үшін ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА шартты бірлігі құнының динамикасы 5-кестеде берілді.

5-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бір шартты бірлігінің құны

№	Күні	Бір шартты бірлік құны
1	01.06.2026	1 509,1127660
2	02.06.2026	1 509,1127660
3	03.06.2026	1 509,1127660
4	04.06.2026	1 509,1127660
5	05.06.2026	1 509,1127660
6	06.06.2026	1 509,1127660
7	07.06.2026	1 509,1127660
8	08.06.2026	1 504,6245506
9	09.06.2026	1 504,6245506
10	10.06.2026	1 504,6245506
11	11.06.2026	1 504,6245506
12	12.06.2026	1 504,6245506
13	13.06.2026	1 504,6245506
14	14.06.2026	1 504,6245506
15	15.06.2026	1 522,4301113
16	16.06.2026	1 522,4301113
17	17.06.2026	1 522,4301113

№	Күні	Бір шартты бірлік құны
18	18.06.2026	1 522,4301113
19	19.06.2026	1 522,4301113
20	20.06.2026	1 522,4301113
21	21.06.2026	1 522,4301113
22	22.06.2026	1 520,7217930
23	23.06.2026	1 520,7217930
24	24.06.2026	1 520,7217930
25	25.06.2026	1 520,7217930
26	26.06.2026	1 520,7217930
27	27.06.2026	1 520,7217930
28	28.06.2026	1 520,7217930
29	29.06.2026	1 524,9874372
30	30.06.2026	1 519,0566964

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының³ талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды. 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 6-кестеде көрсетілген.

5-кесте. БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні, млрд. теңгемен	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайыздармен)	Лимиттер (ЗА жалпы көлемінен пайыздармен)	Орындалуы (иә/жоқ)
	KZT ақшалай қаражаты	0,33	0,00%	3%-дан аспайды	иә
	Шетелдік валютадағы ақшалай қаражат	182,42	0,68%	5%-дан аспайды	иә
1	Қазақстандық қаржы құралдары:	15 932,20	59,48%		иә
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	11 603,39	43,32%	20%-дан кем емес	иә
1.1.1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	-	0,00%	5%-дан аспайды	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	992,78	3,71%	10%-дан аспайды	иә
1.3	Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	2 560,71	9,56%	25%-дан аспайды	иә
1.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде:	714,27	2,67%	30%-дан аспайды	иә
1)	реттелген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар	679,89	2,54%	30%-дан аспайды	иә
2)	үлестік бағалы қағаздар	34,38	0,13%	5%-дан аспайды	иә
3)	депозиттер	-	0,00%	15%-дан аспайды	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	-	0,00%	20%-дан аспайды	иә
1.5 .1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі және/немесе кепілдемесімен шығарылған мемлекеттік емес борышты бағалы қағаздары	-	0,00%	5%-дан аспайды	иә
1.6	Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасы Екінші деңгейдегі банктерінің инвестициялау сәтіндегі Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізімінің "Премиум" санатына кіретін немесе оған ұқсас не нарықтық капиталдандырылуы	61,06	0,23%	5%-дан аспайды	иә

³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы

	үш триллион АҚШ долларынан асатын әлемдік қор биржаларында листингі бар үлестік емес үлестік бағалы қағаздарды қоспағанда, мемлекеттік емес үлестік бағалы қағаздар				
1.7	Қазақстан Республикасы қор биржасының және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы ресми тізіміне енгізілген исламдық қаржыландыру құралдары	-	0,00%	10%-дан аспайды	иә
1.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтердің (ABS) кепіліне бағалы қағаздар	-	0,00%	5%-дан аспайды	иә
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:	10 519,29	39,27%	50%-дан аспайды	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік, агенттік және бағалы қағаздары	5 067,25	18,92%	30%-дан аспайды	иә
2.2	Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау аясындағы муниципалды бағалы қағаздар	0,00	0,00%	10%-дан аспайды	иә
2.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	1 952,34	7,29%	20%-дан аспайды	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтері (ABS) кепілдігіне бағалы қағаздар	0,00	0,00%	10%-дан аспайды	иә
2.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау аясында конвертацияланатын бағалы қағаздар	0,00	0,00%	10%-дан аспайды	иә
2.6	Акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар	3 250,85	12,14%	20%-дан аспайды	иә
2.7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	-	0,00%	20%-дан аспайды	иә
2.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	8,49	0,03%	5%-дан аспайды	иә
2.9	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ислам қаржыландыру құралдары	91,55	0,34%	2%-дан аспайды	иә
2.10	Альтернатив құралдар, оның ішінде арнайы мақсаттағы компаниялардың акциялары және (немесе) үлестері (special purpose vehicle).	240,36	0,09%	5%-дан аспайды	иә

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні, млрд. теңгемен	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайызбен)	Лимиттер (ЗА жалпы көлемінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Туынды қаржы құралдары, олардың ішінде:	0,00	0,00%	10%-дан аспайды	иә
1.1	Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00	0,00%	10%-дан аспайды	иә
1.2	Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00	0,00%	10%-дан аспайды	иә
1.3	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,00	0,00%	10%-дан аспайды	иә

7-кесте. Валюталық портфельді басқару бойынша БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын сақтауы туралы ақпарат

Субпортфель	Нақты мәні (валюта портфелінің пайызымен)	Субпортфельден сыртқы басқару үлесі	Мандат	Акция субпортфелінен үлес	Орындауы (иә/жоқ)
Дамыған елдердің облигациялары	22,48%	-	-		иә
Дамушы елдердің облигациялары	21,87%	40,98%	-		иә

Корпоративтік облигациялар	17,32%	100%	-		иә
Акциялар	29,75%	100%	Пассив басқару, оның ішінде:	56,24%	иә
			<i>ESG</i>	8,87%	иә
			<i>quality</i>	8,69%	иә
			<i>min.vol</i>	3,51%	иә
			<i>classic</i>	35,17%	иә
			Актив басқару	43,76%	иә
Өтімділік	6,40%	100%	-		иә
Альтернатив құралдар	2,19%	100%			
Валюталық портфель жиыны	100 %				иә

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

8-кесте. Есепті айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Номинал құны теңгемен
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	119 000 000 000,00
Жиыны			119 000 000 000,00

9-кесте. Есепті айда бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Өтеу сомасы теңгемен
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	124 987 200 000,00
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	76 823 123 000,00
ХҚҰ облигациялары	KZT	Еуропалық қайта құру және даму банкі	30 000 000 000,00
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	KZT	«Бәйтерек» Ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ	30 000 000 000,00
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	KZT	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	11 227 000 000,00
Жиыны			273 037 323 000,00

10-кесте. Есепті айдағы салымдар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Банк атауы	Теңгемен мәміле сомасы
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	USD	АҚШ Үкіметі	194 486 504 730,88
Жиыны			194 486 504 730,88